

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 желтоқсан N 1549.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 20 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауына төрағаның бір орынбасарын, сондай-ақ саны 5 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды

қадағалау орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1803 қаулысының 2-4-тармақтары күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 38, 495-құжат).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1549 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
сақтандыруды қадағалау орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Сақтандыру қызметін лицензиялау және бақылау басқармасы

Қаржы-шаруашылық бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК